

Кітапханада

Жақында қаламыздағы №31 техникалық кәсіптік колледжінде „Ауғанстанда жалын кешкен жауынгерлер,, атты ерлік сабағы болып өтті.

- Әрине, Отан алдындағы азаматтық борышын өтеу үшін әскерге аттанып, Ауғанстанда болған жас сарбаздардың ерлік істері бүгінгі жастарға үлкен тәрбие мектебі екені рас. Биылғы 15 ақпан күні біз кеңес әскерлерінің Ауғанстан аумағынан шығарылғанына 27 жыл толуын атап өтіп отырмыз. Бұл күні сол соғыстың ешқашан ұмытылмайтынын, жастардың ерліктері бізбен бірге мәңгі жасайтынын паш етеміз. Сондықтан мұндай ерлік сабақтарын өткізу арқылы жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелейміз,- дейді №1 кітапхана филиалының кітапханашылары.

Аталған колледждің кітапханасының оқу залында өткен ерлік сабағын С.Дендор, А.Шакетова сынды кітапханашылар жүргізді. Әуелі ауған соғысының шығу себептері мен тарихы жайында толыққанды ақпараттар

Ерлік сабағы



берілді, оған кеңес одағының құрамына кіретін одақтас республикалардың жас жігіттері қатысқанын, солардың

қатарында біздің еліміздің де бозбалалары болғаны айтылды. Әрине, әрбір әңгіме желісі экрандағы слайд-

шоулар, яғни фотосуреттермен тарихи құжаттар арқылы нақтыланып отырды. Мысалы, Ауғанстанның географиялық картасы, соғысқа қатысқандардың фотолары, ұрыс қиымалдарының барыстары жиналған жастарды бей-жай қалдырмады.

Осы сабақта әскери военкоматтың өкілі К.Оспанов сөз сөйлеп, біздің қаламыздан сол соғысқа қатысқан жауынгерлер жайында ой бөлісіп, Ауғанстанда оққа ұшқан теміртаулық Виктор Грязнов, Виталий Варганов жайында айтты.

- Отан алдындағы борышын адал атқарып, Ауғанстандағы соғыста ерлікпен қаза тапқан жауынгерлерді ұмытпай, үнемі еске алып, батырларымыздың есімдерін дәріптеп отыру біздің парызымыз. Олар жас болса да өз борыштарын мінсіз өтеп, болашақ ұрпаққа үлгі-өнеге болып қалды,-деді К.Оспанов.

Бұл шара барысында кітап көрмесі ұйымдастырылып, әскери әндер шырқалды.

Махфуза ҚАПЫШҚЫЗЫ,
№1 кітапхана филиалының
кітапханашысы